



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

5. Рүстемова Ж.А. Қазақ балалар әдебиеті. Оқулық. Алматы, «Эверо», 2014– 260 бет.
6. Оразалин Н. Өмірді сүйген өр рухты жан болатын // Егемен Қазақстан. 28 қараша 2017. №229. 9 бет.

ӘОЖ 821.512.122

ТОЛЫМБЕК ӘБДІРАЙЫМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

Оқасова Еркежан Ерғалиқызы

zhan-06.09.96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті ҚТӘ-41 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д. профессор Оразбекова М.С.

Бүгінде балалар прозасының дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырып үлгерген жазушылардың бірі – Толымбек Әбдірайым. «Кейбіреулер балаларға арналған кітап жазуды оңай көреді. Арнаулы дайындықсыз, баланың ой-қабілетіне, ақыл-парасатына, арман қиялына лайықты дүниені таңдаудың, оқиғасын ұғымды қылып, тілін сол жастағы жандарға сай қылып сындырудың оңай еместігін біле бермейді. Оның үстіне балалардың жас ерекшеліктерін де ескеру керек. Бес-алты жастағы балалар мен 14-15-тегі жасөспірімдерге арнаған дүниелер бірдей болмайды. Соңғылардың үлкендер қатарына өтпелі кезеңде екенін де ескеріп, ой-пікірлері мен өмірлік көзқарастарының дұрыс қалыптасуына әсер ететін дүниелер іздейсің. Осының бәрі жазушының талмай талаптанып, іркілмей ізденуін талап ететін жәйттар. Отыра салып сүйкектете салған жеңіл дүниелер жас жанның жүрегіне жетпейтінін екіншісі біле бермейді. Толымбек Әбдірайым осындай талаптардың үддесінен шығып келе жатқан шебер жазушы» [1,20], -деп журналист Жақсыбай Самрат жазушыға жоғары бағасын берген еді. Толымбек Әбдірайым бала психологиясын жетік меңгергендіктен, жас оқырманға не керегін біледі. Әр шығармасының астарында үлкен тәрбиелік мән жатыр. Ең қызығы, әңгімелерін ойдан шығармай, өмірден көрген-білгенін тере отырып жазады. Жазушының шығармалары балаларды адамгершілікке, тазалыққа, жақсылыққа ұмтылуға, үлкенді сыйлауға, қайырымды болуға, Отанына адал қызмет етуге, ана тіліне құрметпен қарауға шақырады. Сонымен қатар, баланы таза сөйлеуге дағдыландырып, сөздік қорын арттыруға баулиды. Жазушының тілі жеңіл, шығармаларының барлығы түсінікті, әрі қызықты.

Филология ғылымдарының докторы, жазушы Нұрдәулет Ақыш: «Кейіпкердің жан дүниесін аша отырып, оқиға дамыту ұстанымы – Толымбек Әбдірайымның «Алабұға аулаған күн» прозалық жинағына енген прозалық шығармаларының табиғатына тән. Осылардың ішіндегі көлемдірегі «Тұнжыр» хикаятында өгей баланың жан дүниесі суреттеледі. Өзі ішкіш, өзі ынжық әке ұлын кейінгі үйленген әйелінің тепкісінен қорғауға құлықсыз. Бұл шығарманың кейіпкері он екі жасар бала болғанымен, ересек оқырманды да енжар қалдырмайтын деңгейде. Өйткені, мұнда көтерілетін негізгі мәселе – ата-ананың ұрпақ алдындағы парызы» [2, 4], -деп пікір білдірген еді. Жазушы «Тұнжыр» хикаятында Рауан атты баланың қиындыққа толы тағдырын, қазіргі қоғамдағы белең алып жатқан әлеуметтік мәселелерді қозғайды. «Тұнжыр» - қазіргі қоғамның шынайы көрінісі. Хикаятта отбасылық құндылықтардың бұзылуы, әкенің ішімдікке салынуы, қоғамдағы кейбір адамдардың қатігездігі, тірі жетімекке айналған балалардың көбеюі сияқты мәселелер сөз болады. Өзге ер адаммен көңіл жарастырып, бауыр еті баласын тастап кеткен ана мен шайпау мінезді өгей шешенің тасасында қалып қойған ынжық әкенің салғырттығынан Рауан тағдыр тәлкегін басынан кешеді. Жас балақай отын жарып, от жағып, кір жуып, бала бағып, үй тірлігін жасайды. Сабәкқа деген ынтасы жоғары болса да, өзге балалардай еркін білім алуға мүмкіндігі жоқ. Өгей шеше ащы тілімен шағып, кейде жағынан тартып та жіберетін. Барар жері қалмаған жас бала амалсыздан көше кезіп, қайыр тілей бастайды. Қара су мен бір үзім

нан үшін ұрлыққа да барған Рауанның өмірі жас оқырман қауымды бейжай қалдырмайтыны анық. Жазушы осы арқылы қоғамдағы адамдардың әділетсіздігін, қатігездігін көрсете білді.

Ерекше атап өтетін тұсы – жазушының Абай шығармаларын тілге тиек етіп отыруы. Сөйтіп қара сөздері мен өлеңдерінен үзінділер келтіру арқылы Абай атамыздың шығармашылығымен таныстырады. Оны Рауан мен досы Ақтамбердінің арасындағы диалогтан көруге болады.

- «Досы жоқпен сырлас, досы жоқпен сыйлас» деген тәсілді кім айтқанын білесің бе?
- Жоқ...
- Абай атамыз.
- Кітапты көп оқисың ба?
- Оқымасаң ой тоқырайды. Сол үшін де кітап оқуды сүйемін. Өлең жазатын да әдетім бар... «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені деген данышпан Абай [3, 25].
- «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық» деген тағы Абай хакім...
- Өзің Абайды жатқа біледі екенсің...
- Білім бұлағы – кітапта жатыр. Кітап – айнымас досың, кітап ақылшың [3, 26] деп, балаларды кітап оқуға шақырады.

«Бір тал гүл» әңгімесі бала психологиясын дәл әрі шеберлікпен бере білген шығармаларының бірі. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – ішімдікке тәуелділік жайлы сөз қозғалады. Саида атты жас бүлдіршіннің бойын бір қорқыныш билеп алатын. Қорғансыз, шарасыз күйдегі жас қыздың мұңын шағатын жан баласы жоқ. Екі жасында әкесі дүниеден өткен соң, анасы кейін ішімдікке үйір бола бастайды. Саида қараңғы бөлмеде анасын күтумен болатын. Анасының ішімдік ішкенін қанша жерден ұнатпаса да, жамандыққа қимайтын.

«- Мама, өтінем! Ішпеші, атың өшкір арақты!

- Татып алмайын деп талай талпындым...
- Ішпе! Біреу қыстай ма?
- Жоға, балам...
- Онда неге ішесің?
- Ерік-күшім жетер емес.
- Емдел, дәрігерге бар!
- Айтқаның жөн.
- Ол үшін ана бір жаман адамдардан алыстауың керек! Біржолата!
- Сөйтем, жаным...
- Сөзінде тұршы, мама!
- Жарайды...»[3, 243].

Баланың қаншама уақыт бойы сақтаған ащы шері осылайша сыртқа шықты. Бірақ уәдесінде анасы тұрмады...

Саида тәрзіді жас жеткіншектің тағдырын жазушы аса бір шеберлікпен бере білді. Ішімдіктің кесірінен жас бала балалығынан айырылады, алдағы күнге үмітін үзеді. «Отан – отбасынан басталатын болса, баланың жас кездегі алған тәрбиесі – баға жетпес байлық, үлкен бақыт. Бала – ата-ананың қолындағы аманаты. Баланың пәк, таза жүрегі – құнды қазына. Жанған шырақ секілді кез келген түрге ене алады. Кішкентай кезінде ешқандай түрге енбеген таза күйде болады. Таза құнарлы топырақ секілді. Ал таза құнарлы топыраққа не ексең, соның жемісі шығады» [4, 4],- деп жазушы бала тәрбиесінде отбасының, ата-ананың рөлін басты орынға қояды. Толымбек Әбдірайым бала жүрегінің барлық толғанысын осылайша жеткізе білді.

«Реніш» әңгімесі зәулім үйлерде тұратын Әлихан мен Нұртайдың әкелерінің көліктерін айтып, қайсысы жақсы деп дауласуынан басталады. Екеуінің ерсі қылығын көріп отырған Ізбасқан қария балаларды ақылға шақырады. «Заман талабына сай жақсы үйде тұрған, жақсы киінген, жақсы мәшине мінген жақсы. Біле білсеңдер, сендер тәуелсіз еліміздің елордасы – Астанада тұрасыңдар. Соған лайық білімді, білікті, ұлтжанды, мәдениетті, иманды азамат болуларың керек» [3,62], - дейді. Қазіргі балалардың ғаламтор арқылы білмейтіні жоқ екенін

айта кетіп, Абайдың бір өлеңін жатқа сұрайды. Балалар бастары салбырап, төмен қарап қалады. Абайдың бір өлеңін жатқа білмейтінін білгенде, қарияның көңілі түсіп кетеді. «Реніш» әңгімесі қоғамда ғаламторға тәуелділігі артып, кітап оқымайтын балалардың бар екенін, Абайдың өлеңін жатқа білмеу ұят екенін көрсетеді. Толымбек Әбдірайым осыған қатысты мынадай пікір айтқан еді: «Жасыратыны жоқ, бұл айтылып та, жазылып та жүр, бүгінгі қоғам кітап оқудан алыстап кетті. Компьютер, ғаламтор мен қалта телефондары кітапты біраз шетке ысырғаны рас. Меніңше, балаларды кішкентайынан кітап оқуға мәжбүрлеу керек. Бала кезінен оқи бастағандықтан, ол соған дағдыланады, қалыптасады. Мен кітапсыз руханиятты көз алдыма елестете алмаймын» [4, 4].

«Екі достың ерлігі» әңгімесінің астарында да үлкен мән жатыр. Қазір заман дамыған сайын адамдар жұмысбастылыққа салынып, айналасындағыларға мән бермейді. Жанындағы адамдарға селқос қарап, көзге ілмей өтіп кете береді. Бұл әңгімеде Рүстем мен Дастанның сұлқ жатқан кісіні әу баста ішіп тұра алмай жатқан маскүнем деп ойлайды. Саябақта ары-бері өткен жүргіншілердің біреуі де бұрылып, жерде ес-түссіз жатқан адамға жақындар емес. Екі балақай үн-түнсіз кетіп қалуды жөн санамай, жақындап жанына келеді. Балалар алып-ұшып жедел-жәрдемге хабарласады. Шөп үстінде сұлқ жатқан адамның жүрек талмасы ұстап қалғанын білген балалар адам өмірін арашалап қалғанына дән риза болды. Жазушы қара бастың қамын ойлап, өзгелердің тағдырына бейжай қарауға болмайтынын көрсете білді. Балаларға берер тағылымы мол әңгімеде жастайынан мейірім мен қамқорлықты бойларына сіңіруді үйретеді.

Қорыта айтқанда, Толымбек Әбдірайым қызықты әрі мағыналы шығармаларды ұсына отырып, қалың оқырманға ой тастайды. Мейірім, қамқорлық, сыйластық, қайырымдылық, жақсылыққа ұмтылу, имандылық, жауапкершілік, ар-ұят, төзімділік және тәрбие мәселері қозғалады. Әңгіменің өміршеңдігі – қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің қамтылуына байланысты. Ата-ананың бауыр еті баласынан бас тартуы, өгей шешенің құқайы, әкешешенің араққа әуестігі, босбелбеулігі мен ынжықтығы, қайыр тілеу, адамдардың тасжүректігі, алдап-арбау, мейірімнің аздығы, жауапкершіліктің жоқтығы, техника дамыған сайын балалардың кітап оқуға ынтасының жоқ болуы – қазіргі қоғамда белең алып бара жатқаны ащы да болса шындық. Әр шығармасы өмірден алынғандықтан, қоғамдағы мәселелерді көтере отырып, балаларды жамандықтан жиреніп, жақсылыққа ұмтылуға шақырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті, №106 (17195) 24б.-17.09.2015ж.
2. «Қазақ әдебиеті» газеті №23 - 6.06.2014ж.
3. Толымбек Ә. Алабұға аулаған күн: Хикаят, әңгімелер, ертегілер, мысалдар. Алматы. «Балалар әдебиеті», Алматы: 2012. – 256бет.
4. Ақмола облыстық «Арқа ажары» газеті. – 4б. 09.09.2014ж.

ӘОЖ 821.512.122.0

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АРУАҚ СИПАТЫ

Олжатаева Мөлдір Асқарқызы

Moldirka_96@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті

ФҚТ-31 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Р.Абилхамитқызы

Астана қаласы

Сырт көзге тым қарапайым болып көрінетін аруақтың реалды болмысы әзірше біздің